

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 26 қаңтар

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары О.В. ПЕРЕПЕЧИНА жүргізді.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Қайырлы күн, құрметті депутаттар! Сенат отырысына Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қатысып отыр.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті әріптестер, жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, сөз Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа беріледі.

ТОҚАЕВ Қ.К. Құрметті Сенат депутаттары! Өздеріңізге мәлім, еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Былтыр конституциялық реформаны қолға алдық, Ата заңға аса маңызды өзгерістер енгіздік. Қараша айында Президент сайлауы өтті. Жуырда Сенат депутаттарының бір бөлігі сайланды, сонымен қатар менің Жарлығыммен бірнеше сенатор тағайындалды. Осымен Сенаттың құрамын жаңғырту үдерісі аяқталды. Депутаттардың жартысына жуығы жаңарды. Мұнда әр аймақтың, соның ішінде жаңадан құрылған облыстардың өкілдері бар. Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелеріне арнайы квота берілді. Осылайша Сенатта түрлі санаттағы қоғам өкілдері барынша қамтылды.

Жалпы бұл Палата мемлекеттік басқару саласында айрықша рөл атқарады, оған Конституцияға сәйкес маңызды міндеттер жүктелген. Заң шығару қызметін сапалы атқару үшін барлық жағдай жасалған. Палата өз жұмысын абыроймен атқарып келе жатыр. Сенаторлар ауқымды реформаларды жүзеге асыруға белсене атсалысты. Осы орайда баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Жаңа депутаттар Сенаттың қызметіне тың серпін береді деп сенемін.

Құрметті депутаттар! Елімізде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Бұл реформалар билік институттары жүйесінің

тепе-теңдігін қалыптастырады, елдегі саяси үдеріске азаматтардың қатысуына жол ашады, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыра түседі.

Біздің осы бастамаларымызға қоғам өкілдері қолдау білдірді, ауқымды жаңғырту жұмысын жүргізуге мүмкіндік туды. Соның арқасында бірнеше жылда айтарлықтай нәтижеге қол жеткіздік. Бірақ біз мұнымен тоқтап қалмаймыз, алда әлі ауқымды жұмыс бар. Басты мақсатымыздың бірі – қоғамда өркениетті саяси дәстүрді орнықтыру. Ол үшін жоғары саяси жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Онсыз тұрақты әрі жан-жақты даму мүмкін емес. Референдумда халықтың қолдауына ие болған конституциялық реформаны жаңа саяси дәуірдің бастауы деуге болады.

Бұл өзгерістер еліміздің саяси жүйесін эволюциялық жолмен дамытуға жол ашты. Әділдік, ашықтық және шынайы бәсеке реформалардың негізгі арқауына айналды.

Стартовавшая недавно избирательная кампания в Мажилис и маслихаты станет завершающим этапом комплексной перезагрузки ключевых государственных институтов.

Переход на смешанную модель формирования Мажилиса и маслихатов имеет большое значение с точки зрения защиты интересов всех социальных групп. Это новшество окажет существенное влияние на всю вертикаль представительной ветви власти.

Проведенные за последние годы политические преобразования и целенаправленная либерализация избирательного законодательства придали мощный импульс партийному строительству в Казахстане. В качестве промежуточного итога можно зафиксировать тот факт, что впервые за долгое время в стране официально зарегистрировано несколько новых партий. Это большой шаг вперед.

Саяси жүйені орнықты дамыту ісінде партиялар маңызды рөл атқарады. Осы орайда елімізге жауапкершілігі жоғары партиялар қажет. Олар халықтың мүддесін тиімді қорғай білуге тиіс. Сондай-ақ мемлекет тұғырын нығайту және ел бірлігін сақтау мәселесін бәрінен биік қою керек.

Партиялар азаматтық қоғамның басты тірегі болуға тиіс. Жұртшылықтың талап-тілегіне жете мән беріп, жүйелі жұмыс жүргізу қажет, өз бағдарламасын заңды жолдармен іске асыру керек.

Саясаткерлердің жаңа шоғырын қалыптастырып, оларды елге таныту да маңызды. Салмақты саяси күштер халықтың мұң-мұқтажын ескеріп, нақты мәселелерін шешуге ерекше назар аударады. Әлеуметтік маңызы бар идеялар мен бастамаларға барынша көңіл бөледі.

Еліміздегі партиялардың көпшілігінде мемлекетшілдік ұстаным бар. Бұл – жақсылықтың нышаны.

Жұрт жақында өз таңдауын жасайды деп сенемін. Алдағы сайлауда партиялардың бәріне бірдей мүмкіндік беріледі. Әкімдер қандай да бір саяси ұйымға жетекшілік ете алмайды. Ата заңға енгізілген өзгеріске сәйкес Президент барлық саяси күштен тысқары тұруға тиіс.

Мәжіліс пен маслихат сайлауы жаңа әрі әділ ереже бойынша өтеді. Алдағы сайлауды Қазақстан парламентаризмі тарихындағы жаңа кезеңнің бастауы деуге болады. Қоғамның түрлі өкілдерінің мүддесін партиялар арқылы қорғау мүмкіндігі артады. Мұның бәрі саяси жүйенің орнықты және тиімді болуын қамтамасыз етеді.

В целом любые выборы являются своеобразным тестом на политическую зрелость общества. В обществе разворачиваются острые дискуссии. Моя принципиальная позиция заключается в том, что критика власти является неотъемлемой частью гражданского общества, и Казахстан здесь не исключение.

Предпринятые нами меры по трансформации и модернизации общества соответствуют чаяниям народа, и реформа будет продолжена.

Наш принцип «разные мнения, но единая нация» незыблем. В то же время критика власти не должна быть огульной. Она должна основываться на конкретных фактах. Любым проявлениям политического радикализма и экстремизма не будет места в нашей стране.

Демократия – это в первую очередь ответственность за свои слова и действия. Мы все живем в одном обществе, одном доме. Поэтому каждый гражданин, любой общественный деятель, все политические силы должны осознавать свою прямую ответственность за будущее страны.

Я обращаюсь ко всем соотечественникам. В условиях беспрецедентно сложной геополитической ситуации в мире только от нас самих, от нашего единства и сплоченности зависят мир и благополучие на нашей священной земле.

Еще раз напоминаю об исключительной важности сохранения и укрепления независимости. Это самое ценное, что есть у нашего народа. Мы должны твердо идти курсом конструктивных реформ и делать все возможное для укрепления государственности и консолидации общества.

Залогом этого являются высокая культура политической ответственности и деятельный, истинный патриотизм наших граждан.

Каждый из нас должен следовать принципу взаимной солидарности. Только так мы построим справедливый Казахстан – страну равных возможностей и прогресса.

Қадірлі қауым! Бірнеше аптадан кейін саяси науқан басталады, кандидаттар үгіт-насихат жұмысына кіріседі. Олар дауыс жинау үшін түрлі тәсілдерді қолданады. Бұл – қалыпты демократиялық үдеріс. Қазақстанда пікір алуандығына ешқандай шектеу қойылмайды, заңға қайшы келмейтін барлық іс-әрекетке рұқсат беріледі. Дегенмен бір нәрсені бәріміз қаперде ұстауымыз керек: сайлау елді бөлетін емес, біріктіретін науқан болу керек.

Тағы да айтқым келеді, үміткерлер қоғамға іріткі салатын әрекеттен аулақ болғаны жөн. Аңдамай айтылған артық сөз немесе ойланбай жасалған оқыс қадам бүкіл елдің болашағына кесірін тигізеді. Әрбір отандасымыз осыны дұрыс түсінуге тиіс.

Плюрализм мемлекетті эволюциялық жолмен дамытуға мүмкіндік береді. Бізде саяси көзқарасы әртүрлі партиялар бар. Кандидаттардың түрлі мәселе бойынша ұстанымдарының бірдей болмауы да заңды құбылыс. Бірақ көзқарастары мүлде қабыспайтын ымырасыз қарсыластардың өзінде ортақ құндылықтар бар, ол – біздің қасиетті отанымыз және қастерлі тәуелсіздігіміз. Мен бұл туралы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаламда айттым, өйткені тәуелсіздік үшін күрес күнделікті еңбекпен және елдік саясатпен тығыз байланысып жатыр.

Болашақтың алдында бәріміз бірдей жауап береміз. Кейінгі ұрпақ кімнің саяси ұстанымы қандай болғанына мән береді, аға буынның оларға қандай мемлекетті мирас

еткеніне қарап бүгінгі күнін бағалайтын болады. Сондықтан біз ортақ мақсат жолында бірігуіміз керек. Кез келген саяси мүддеге қарағанда мемлекетшілдік қасиет әлдеқайда биік тұруға тиіс.

Арзан ұпай жинауды көздеген жалаң ұран ешкімге абырой әпермейді. Саясатпен айналысатын адамдар популизмге әуес болмау керек. Қоғамға ең алдымен әрбір сөзіне және ісіне жауапкершілікпен қарайтын саясаткерлер қажет. Сонда азаматтардың елдік саясатқа деген сенімі артады. Ал сенім – аса маңызды құндылық.

Біздің елімізге заң үстемдігі және азаматтық тәртіп аса қажет. Халықты көшеге шығуға шақырған арандатушылармен заң жүзінде ғана сөйлесу керек. Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпке бағынған құл болмайды», – деп айтқан. Заңды сыйлайтын елдің қашан да ұпайы түгел. Шын мәнінде татулық пен тұрақтылық – ең асыл құндылық екеніне бәріміз көз жеткіздік. Тыныштық болмаса басқа табыстың бәрі бір сәтте құрдымға кететінін көрдік. Біз ел бірлігінің арқасында барлық қиындықты жеңіп келеміз. Сондықтан барды бағалап, ырысты ынтымағымызды қорғау – бәрімізге ортақ қасиетті борыш. Біз бір-бірімізге қамқор, жанашыр болып, жақсылыққа ұмтылуымыз керек.

Қоғамдық келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес. Бұл – еліміздің әрбір азаматының перзенттік парызы. Біз не істесек те ел мүддесі үшін жасаймыз. Мақсатымыз – Қазақстанды тұғыры берік, экономикасы қуатты, рухы асқақ, бірлігі бекем мемлекет ретінде ұрпаққа табыстау. Осы тарихи міндетті бәріміз бірге абыроймен атқарып шығамыз деп сенемін.

Құрметті Сенат депутаттары! Өздеріңіз білесіздер, менің Жарлығыммен Мәулен Сағатханұлы Әшімбаев Сенат депутаты болып тағайындалды. Конституцияның 58-бабы 1-тармағына сәйкес Сенат Төрағасы лауазымына Мәулен Сағатханұлы Әшімбаевтың кандидатурасын ұсынамын. Ол бұған дейін осы міндетті абыроймен атқарды, заң шығару жұмысын жақсы біледі, мемлекеттік қызметтегі тәжірибесі мол. Сондықтан оны Сенат төрағалығына лайықты деп санаймын.

Сенаттың қызметі табысты болсын. Баршаңызға амандық тілеймін. Рақмет.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Уважаемый Касым-Жомарт Кемелевич, позвольте поблагодарить Вас за участие в работе Палаты.

Депутаты Сената приложат все усилия для реализации задач по законодательному обеспечению реформ в стране.

Уважаемые коллеги, объявляется перерыв на три минуты.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Уважаемые депутаты, теперь переходим к процедуре избрания Председателя Сената Парламента Республики Казахстан.

Президентом Республики Казахстан на должность Председателя Сената выдвинута кандидатура Ашимбаева Маулена Сагатханулы.

В соответствии с Конституцией Республики Казахстан Председатель Сената избирается тайным голосованием.

Согласно Регламенту Сената необходимо включить предложенную Президентом кандидатуру в бюллетень для тайного голосования и принять соответствующее постановление Сената.

Прошу голосовать за данное постановление.

Результаты на экран. Решение принято. Кандидатура, предложенная Главой государства, включена в бюллетень для тайного голосования.

В соответствии с Регламентом Сената для проведения тайного голосования и определения его результатов Палатой избирается Счетная комиссия в количестве пяти человек из числа депутатов Сената.

Какие будут предложения по составу Счетной комиссии? Слово предоставляется Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо, уважаемая Ольга Валентиновна.

Уважаемые коллеги! В состав Счетной комиссии по выборам Председателя Сената предлагаются следующие депутаты:

Макежанов Султанбек Алмасбекович;

Бекназаров Нурлан Кудиярович;

Альназарова Акмарал Шарипбаевна;

Булавкина Ольга Александровна;

Шайдаров Серик Жаманкулович.

Прошу поддержать. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Спасибо, Сергей Алексеевич.

Есть ли замечания по кандидатурам?

ОРНЫНАН. Нет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Тогда прошу голосовать за предложенный состав Счетной комиссии.

Результаты на экран. Решение принято.

Для проведения заседания Счетной комиссии объявляется перерыв на три минуты. Прошу депутатов оставаться на своих местах.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Уважаемые коллеги, продолжим заседание.

Слово предоставляется члену Счетной комиссии Макежанову Султанбеку Алмасбековичу.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Ольга Валентиновна.

Құрметті әріптестер, шақырылған лауазым иелері! Парламент Сенатының Төрағасын сайлау бойынша Санақ комиссиясының ұйымдастыру отырысы өтті. Осы отырыстың нәтижелерін жария етуге рұқсат етіңіздер.

№1 хаттама.

Санақ комиссиясының төрағасы болып Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлы және комиссияның хатшысы болып Бекназаров Нұрлан Құдиярұлы сайланды.

№2 хаттама.

Парламент Сенатының Төрағасын сайлау бойынша жасырын дауыс беруге арналған сайлау бюллетенінің нысаны мен мәтіні бекітілді.

Бюллетень қазақ және орыс тілдерінде әзірленді.

Бюллетеньде Мемлекет басшысы ұсынған кандидатураның аты-жөні енгізілген және онда «жақтаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деген үш бағана бар, соның біреуіне белгі қойылады.

Құрметті әріптестер, бюллетеньді алғаннан кейін мұқият болуларыңызды сұраймыз. Себебі егер депутаттың еркі дәл көрсетілмесе бюллетень жарамсыз деп танылады.

Жоғарыда айтылғанға байланысты дауыс беру рәсімі келесідей белгіленді.

Депутаттар фойеге өтіп, сайлау комиссиясының мүшелері отырған үстелге барады. Депутат жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньді алып кабинаға кіреді, кабинада бюллетеньге өзінің қалауын білдіретін белгі қояды. Кабинадан шыққаннан кейін бюллетеньді арнайы жәшікке салып, залға қайта оралады. Осымен дауыс беру рәсімі аяқталады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Спасибо.

Будут ли вопросы к председателю Счетной комиссии?

ОРНЫНАН. Нет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. В таком случае приступаем к тайному голосованию.

Объявляется перерыв на десять минут для проведения процедуры тайного голосования.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті депутаттар, отырысты жалғастырайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар.

Жасырын дауыс беру нәтижелерін жариялау үшін сөз Есеп комиссиясының төрағасы Сұлтанбек Алмасбекұлы Макежановқа беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Ольга Валентиновна.

Құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасын сайлау бойынша жасырын дауыс беру қорытындысы туралы Санақ комиссиясы отырысының №3 хаттамасы.

Санақ комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасын сайлауға берілген дауыстардың есебін шығарып, келесіні анықтады:

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасын сайлау бойынша жасырын дауыс беру бюллетеніне Әшімбаев Мәулен Сағатханұлының кандидатурасы енгізілді.

Дауыс беру үшін Сенат депутаттарына 50 бюллетень берілді.

Дауыс беруге арналған жәшіктерді ашқан кезде 50 бюллетень алынды. Жарамсыз бюллетеньдер жоқ.

Берілген дауыстар былайша бөлінді:

жақтағандар – 50;

қарсы болғандар – жоқ;

қалыс қалғандар – жоқ.

Осылайша Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы болып Сенат депутаты Әшімбаев Мәулен Сағатханұлы сайланды.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Құрметті әріптестер, хаттамада Санақ комиссиясы төрағасының, комиссия хатшысының және комиссия мүшелерінің қолдары бар.

№3 хаттаманы бекітуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Сұлтанбек Алмасбекұлы. Отырыңыз.

В соответствии с Регламентом Сената нам необходимо утвердить протокол № 3 Счетной комиссии. Прошу голосовать.

Протокол утверждается.

В соответствии с Регламентом Сената необходимо принять постановление Сената об избрании Председателя Сената Парламента Республики Казахстан.

Ставлю на голосование постановление Сената об избрании Ашимбаева Маулена Сагатханулы Председателем Сената Парламента Республики Казахстан. Прошу голосовать.

Постановление принимается.

Уважаемый Маулен Сагатханулы, поздравляем Вас с избранием Председателем Сената Парламента Республики Казахстан! Желаем Вам успехов в работе на благо дальнейшего развития казахстанского парламентаризма!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Просим Вас пройти в Президиум и продолжить наше заседание.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бүгінгі Палата отырысына Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев арнайы келіп қатысты.

Конституцияға сәйкес Президент Сенат Төрағасы қызметіне кандидатураны ұсынып, маған зор сенім білдірді. Бұл мен үшін үлкен жауапкершілік. Сіздер Мемлекет басшысының ұсынысын қолдап дауыс бердіңіздер. Сол үшін өздеріңізге алғысымды білдіре отырып, Президенттің және халықтың сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын деп сендіргім келеді.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Парламенттің алдында тұрған басты міндеттерді жаңа белгілеп берді. Президент осыған қатысты біздің алдымызға нақты мақсаттар қойып отыр. Шын мәнінде, атқаратын жұмыс аз емес, әсіресе елімізде жүргізіліп жатқан реформаларды заңнамалық тұрғыдан уақытылы қамтамасыз ету аса маңызды. Сондықтан Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді сапалы орындауымыз керек. Осы жолда барлығымыз бірге нәтижелі еңбек етеміз деп сенемін.

Құрметті Мұрат Әбуғалиұлы, Сенатқа келіп, Палата отырысына қатысқаныңыз үшін сізге айрықша алғысымызды білдіреміз. Рақмет. Сау болыңыз.

Құрметті әріптестер, жұмысымызды әрі қарай жалғастырайық.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысының Жарлығымен жаңа конституциялық мерзімге он Сенат депутаты тағайындалды. Оның ішінде бес сенатор Қазақстан халқы ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындалды. Сонымен қатар жаңадан сайланған сенаторлар да қатарымызға қосылып отыр.

Ортамызда сайлау нәтижесі бойынша екінші мерзімге сайланған әріптестеріміз де бар.

Баршаңызды құттықтай отырып, Президент пен сайлаушылар білдірген сенімді ақтау үшін еселі еңбек етесіздер деп сенемін. Алдағы жұмыстарыңызға толайым табыс тілеймін.

Құрметті әріптестер, белгіленген тәртіп бойынша жаңадан тағайындалған және сайланған депутаттар Палата отырысында ант береді.

Содан кейін Сенат Төрағасының орынбасарын сайлауымыз қажет. Сонымен қатар Сенат Регламентіне сәйкес Сенат депутаттарының жартысы сайланғаннан кейін Палатаның бірінші отырысында тұрақты комитеттердің саны мен атауы, комитет төрағалары және комитет мүшелерін сайлау туралы мәселелер қаралады. Сол себепті бүгінгі отырыстың күн тәртібіне осы бес мәселе ұсынылып отыр.

Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Қарсылық жоқ. Осы мәселелерді қарауға кірісейік.

Күн тәртібіндегі мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жаңадан сайланған және тағайындалған депутаттарының ант беруі туралы.

Ант беру үшін мінбеге Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келесі депутаттары шақырылады.

Арубаев Сәкен Қаланұлы.

АРУБАЕВ С.Қ. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.

Асанова Жанна Бейсентайқызы.

АСАНОВА Ж.Б. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.

Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлы.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.

Большерт Евгений Андреевич.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.

Бүктұғұтов Шәкәрім Сабырұлы.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Жексенбай Бибігүл Нұрғалиқызы.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлы.

ЖҮНІСОВ Т.Т. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Қадырбек Мұрат Болатұлы.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Кәрімова Гүлмира Раинбекқызы.

КӘРІМОВА Г.Р. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлы.

НӘУТИЕВ Ә.И. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Ниязова Нурия Исмагиловна.

НИЯЗОВА Н.И. Клянусь верно служить народу Казахстана, укреплять целостность и независимость Республики Казахстан, строго подчиняться ее Конституции и законам, добросовестно выполнять возложенные на меня высокие обязанности депутата.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлы.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Нұрмұхамбетов Гауез Торсанұлы.

НҰРМҰХАМБЕТОВ Ғ.Т. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлы.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Рүстемов Руслан Рүстемұлы.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Сатвалдиев Алишер Гапиржанович.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Тастекеев Қайрат Құлбайұлы.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Өтеғұлов Арман Кәрімұлы.

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Өтешов Серік Балғатайұлы.

ӨТЕШОВ С.Б. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.
Ант беру рәсімі аяқталды.

Бүгін ант берген жаңа депутаттарды тағы да құттықтаймыз. Жауапты қызметтеріңізге сәттілік тілейміз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Сенат Төрағасының орынбасарын сайлау туралы.

Конституцияға сәйкес Сенат Төрағасы орынбасарының кандидатурасын Палата Төрағасы ұсынады. Осыған орай Сенат Төрағасының орынбасары қызметіне депутат Асанов Жақып Қажыманұлының кандидатурасын ұсынамын.

Құрметті әріптестер, Жақып Қажыманұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сенат Регламентіне сәйкес шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Сондықтан Сенат Төрағасының орынбасары лауазымына Асанов Жақып Қажыманұлын сайлау туралы ұсынысты және тиісті қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Жақып Қажыманұлы, Сенат Төрағасының орынбасары болып сайлануыңызбен Палата атынан құттықтаймын. Жауапты қызметті абыроймен атқарасыз деп сенемін және сәттілік тілеймін. Президиумдағы жұмыс орныңызға шақырамын.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Сөз жаңадан сайланған Сенат Төрағасының орынбасары Асанов Жақып Қажыманұлына беріледі.

АСАНОВ Ж.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Маған білдірген қолдауларыңыз үшін алғысымды білдіремін. Бұл тек биік лауазым емес, сонымен қатар бұл үлкен жауапкершілік. Бұның бәрін мен жақсы түсінемін. Сондықтан бар күш-жігерімді, білімімді, тәжірибемді сіздермен бірге Қазақстан заңдарының сапасын одан әрі жақсартуға жұмсаймын.

Барлығымызға сәттілік тілеймін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің саны мен атауы туралы.

Сенатта алты тұрақты комитет құрылған. Олар өз жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келеді. Сондықтан комитеттердің саны мен атауын өзгеріссіз қалдыруға болады деп есептеймін. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Басқа пікірлер болмаса, бұл мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз қажет. Қаулының жобасы сіздерде бар. Сол қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Сенаттың тұрақты комитеттерінің саны мен атауы өзгеріссіз қайта бекітілді.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің төрағаларын сайлау туралы.

«Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Заңға сәйкес тұрақты комитеттердің төрағалары комитеттердің саны мен атауы бекітілгеннен кейін депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттар арасынан сайланады.

Тұрақты комитеттердің төрағалары қызметіне кандидатураларды ұсынбас бұрын дауыс беру тәртібін анықтап алуымыз керек.

Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз.

Енді комитеттердің төрағаларын сайлауға кірісеміз.

Құрметті әріптестер, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныстар болады? Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, мен Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағалығына Лукин Андрей Ивановичтың кандидатурасын ұсынамын.

Лукин Андрей Иванович бұған дейін де осы комитеттің мүшесі ретінде белсенді жұмыс атқарып, нәтижелі еңбек етіп келеді.

Әріптесіміз еңбек жолында орталық және жергілікті атқарушы, сондай-ақ құқық қорғау органдарында жауапты қызметтер атқарған тәжірибелі заңгер.

Сондықтан ұсынылып отырған кандидатура осы лауазымға лайықты деп есептеймін және әріптестерімді ұсынысымды қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, кандидатқа сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы лауазымына депутат Лукин Андрей Ивановичті сайлау туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Лукин Андрей Иванович комитет төрағасы болып сайланды.

Құрметті әріптестер, Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныстар болады? Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, Қаржы және бюджет комитетінің төрағалығына Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлының кандидатурасын ұсынамын.

Сұлтанбек Алмасбекұлы мемлекеттік басқару және экономика салаларында тәжірибесі мол, білікті маман. Қазіргі уақытта осы комитеттің хатшысы ретінде табысты еңбек етіп келеді. Сондықтан алдағы уақытта өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарады деп сенемін.

Әріптестерімді ұсынысты қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы.

Басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, кандидатқа сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы лауазымына депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлын сайлау туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлы комитет төрағасы болып сайланды.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныс болады? Слово предоставляется Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! Вношу предложение о назначении председателем Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности Сената Парламента Республики Казахстан Шакирова Аскара Оразалиевича.

Аскар Оразалиевич является выпускником Института стран Азии и Африки при Московском государственном университете имени М.В. Ломоносова, адъюнктуры Академии Министерства внутренних дел СССР. Долгие годы работал на различных дипломатических и политических должностях, в том числе в сфере защиты прав человека.

С 2019 года в качестве вице-спикера работал в Сенате Парламента Республики Казахстан.

В связи с этим, уважаемые коллеги, считаю, что Аскар Оразалиевич является достойным кандидатом на данную позицию.

Прошу поддержать. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Сергей Михайлович.
Әріптестер, басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Кандидатқа сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы лауазымына депутат Шәкіров Асқар Оразалыұлын сайлау туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Шәкіров Асқар Оразалыұлы комитет төрағасы болып сайланды.

Құрметті әріптестер, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныс болады? Сөз депутат Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Құрметті Мәулен Сагатханұлы, құрметті әріптестер! Мен Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағалығына Алдашев Сүйіндік Тасеменұлының кандидатурасын ұсынамын.

Сүйіндік Тасеменұлы бірқатар жауапты қызметтерді жоғары деңгейде атқарған, тәжірибесі мол білікті маман. Сондықтан алдағы уақытта өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарады деп сенемін.

Әріптестерімнен ұсынысты қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ләззәт Тұяқбайқызы.
Басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, кандидатқа сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы лауазымына депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлын сайлау туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Алдашев Сүйіндік Тасеменұлы комитет төрағасы болып сайланды.

Құрметті әріптестер, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныстар болады? Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы лауазымына әріптесіміз Жүсіп Нұртөре Байтілесұлының кандидатурасын ұсынамын.

Біз Нұртөре Байтілесұлын талантты қаламгер, мемлекет және қоғам қайраткері, заң шығару саласында тәжірибесі мол, іскер ұйымдастырушы, талапты жетекші, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосқан қоғам белсендісі ретінде жақсы білеміз.

Сіздерден Жүсіп Нұртөре Байтілесұлының кандидатурасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Айгүл Жарылқасынқызы.
Басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Кандидатқа сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы лауазымына депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлын сайлау туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Жүсіп Нұртөре Байтілесұлы комитет төрағасы болып сайланды.

Құрметті әріптестер, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныстар болады? Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы ретінде Бектаев Әли Әбдікәрімұлының кандидатурасын ұсынамын.

Іске бекем, шешімге ширақ, тәжірибесі мол Әли Әбдікәрімұлы ауылды, ауылдық аумақтарды дамыту ісінде аянбай еңбек етіп келеді. Елге тигізер пайдасы, мемлекеттің өркендеуіне қосар үлесі зор болмақ деп сенемін.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сұлтан Мырзабекұлы.

Басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Кандидатқа сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы лауазымына депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлын сайлау туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бектаев Әли Әбдікәрімұлы комитет төрағасы болып сайланды.

Палата атынан тұрақты комитеттердің төрағалары лауазымына сайланған әріптестерімізді құттықтаймын. Жауапты қызметтеріңізге сәттілік тілей отырып, өздеріңізге жүктелген міндеттерді абыроймен атқарасыздар деп сенемін. Құтты болсын!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің құрамына Сенат депутаттарын сайлау туралы.

Жаңадан сайланған депутаттар қай комитетте жұмыс істейтіні жөнінде өтініштерін берді. Бұл мәселе бойынша Ольга Валентиновна қажетті жұмыстар жүргізді.

Тұрақты комитеттердің құрамы бойынша ұсынысты жариялау үшін сөз Перепечина Ольга Валентиновнаға беріледі.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Принимая во внимание основные задачи комитетов Сената и опыт работы депутатов, а также с учетом пожеланий депутатов предлагаю следующие составы комитетов.

Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам:

Аргынбекова Айнур Серикпаевна;
Бекназаров Нурлан Кудиярович;
Большерт Евгений Андреевич;
Кадырбек Мурат Болатұлы;
Лукин Андрей Иванович;
Медебаев Советбек Турсынович;
Тастекеев Кайрат Кулбаевич;
Толамисов Амангельды Габдылкаримович.

Комитет по финансам и бюджету:

Бекенов Нурлан Жексембаевич;
Карплюк Сергей Алексеевич;
Макежанов Султанбек Алмасбекович;
Ниязова Нурия Исмагиловна;
Нугманов Амангельды Шайхуллович;
Орынбасаров Бекбол Тилеумуратович;
Орынбеков Бекболат Серикбекович;
Утешов Серик Балгатаевич.

Комитет по международным отношениям, обороне и безопасности:

Асанова Жанна Бейсентаевна;
Ершов Сергей Михайлович;
Жексенбай Бибигуль Нургалиевна;
Сарыбаев Галиаскар Тулендинович;
Сатвалдиев Алишер Гапиржанович;
Шакиров Аскар Оразалиевич;

Шиповских Геннадий Геннадиевич.

Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству:

Алдашев Суиндик Тасеменович;
Буктугутов Шакарым Сабырович;
Каниев Бауыржан Нуралиевич;
Лукпанов Сагындык Есенгалиевич;
Наутиев Алибек Ибатуллиевич;
Нурмухамбетов Гауез Торсанович;
Рысбекова Ляззат Туякбаевна;
Шайдаров Серик Жаманкулович.

Комитет по социально-культурному развитию и науке:

Альназарова Акмарал Шарипбаевна;
Жунусов Талгат Турлыбекович;
Жусип Нурторе Байтелесович;
Капбарова Айгуль Жарылкасыновна;
Калтаева Ляззат Молдабековна;
Каримова Гульмира Раинбековна;
Нухулы Алтынбек;
Рустемов Руслан Рустемович.

Комитет по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий:

Айткенов Ернур Нурмуханович;
Арубаев Сакен Каланович;
Бектаев Али Абдикаримович;
Булавкина Ольга Александровна;
Дюсембинов Султан Мырзабекович;
Жоргенбаев Жанболат Акебаевич;
Кузиев Закиржан Пирмухамедович;
Утегулов Арман Каримович.

Уважаемый Маулен Сагатханулы, уважаемые коллеги, прошу поддержать данное предложение.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ольга Валентиновна.
Құрметті әріптестер, басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Сенаттың тұрақты комитеттерінің құрамына ұсынылған депутаттарды сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар, Палатаның тұрақты комитеттерінің жаңа құрамы толығымен жасақталды. Алдағы жұмыстарыңызға табыс тілеймін.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 26 қаңтар

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасын сайлау туралы

Об избрании Председателя Сената Парламента Республики Казахстан 1

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. ТОҚАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Президента Республики Казахстан ТОҚАЕВА К.К. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

КАРПЛЮК С.А. 5

МӘКЕЖАНОВ С.А. 6

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жаңадан сайланған және тағайындалған депутаттарының ант беруі туралы

О принесении присяги вновь избранными и назначенными депутатами Сената Парламента Республики Казахстан

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АРУБАЕВ С.Қ. 9

АСАНОВА Ж.Б. 9

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. 9

БОЛЬГЕРТ Е.А. 9

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. 10

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. 10

ЖҮНІСОВ Т.Т. 10

ҚАДЫРБЕК М.Б. 10

КӘРІМОВА Г.Р. 10

НӘУТИЕВ Ә.И. 10

НИЯЗОВА Н.И. 11

НҰҒМАНОВ А.Ш. 11

НҮРМҰХАМБЕТОВ Ғ.Т. 11



ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. 11

РҮСТЕМОВ Р.Р. 11

САТВАЛДИЕВ А.Г. 12

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. 12

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. 12

ӨТЕШОВ С.Б.	12
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасарын сайлау туралы	
Об избрании Заместителя Председателя Сената Парламента Республики Казахстан	12
Сөз сөйлеген:	
Выступил:	
АСАНОВ Ж.Қ.	13
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің саны мен атауы туралы	
О количестве и наименовании постоянных комитетов Сената Парламента Республики Казахстан	13
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің төрағаларын сайлау туралы	
Об избрании председателей постоянных комитетов Сената Парламента Республики Казахстан	
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
БЕКНАЗАРОВ Н.Қ.	14
ОРЫНБЕКОВ Б.С.	15
ЕРШОВ С.М.	15
РЫСБЕКОВА Л.Т.	16
ҚАПБАРОВА А.Ж.	17
ДҮЙСЕМБИНОВ С.М.	18
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің құрамына Сенат депутаттарын сайлау туралы	
Об избрании депутатов Сената в составы постоянных комитетов Сената Парламента Республики Казахстан	19
Сөз сөйлеген:	
Выступила:	
ПЕРЕПЕЧИНА О.В.	19
ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директорының міндетін атқарушы	 Н. Уразбаев
Стенографиялау қызметінің басшысы	 Г. Молдашева